

РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» декретінде «қырғыздар арасындағы істерді дағдылы қырқыс бойынша істің мәні жөнінен халық соты шешеді» делінген⁶. III. Уәлихановтың атап көрсеткеніндей, адамның өзі өсіп, тәрбиеленген, өзіне неғұрлым таныс заң халық үшін жақсы болмақ.

Халық жадына сегіз ғасыр бойы имандай ұялаған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мәтел сөздің астарына терең үнілсек, қазақ мемлекетіне тән заң-жарғылар Майқы биден басталатынына ебден көз жеткіземіз. Майқы би шығарған жарғының ұзын ырғасы жетеу. Сол заң-жарғылардың мән-мағынасы, ереже-мазмұны да «Жеті Жарғы» заңдар үлгісінен алшақ кетпейді. Майқы би жарғысында демократиялық ұстанымға негізделген адамгершілік пен әлеуметтік ауаны кең ережелер қалыптасқаны аңғарылады. Атап айтқанда, «неке бұзаандарға (ерлерге) қырқыс дүре соғылады. Сондай-ақ, некесі бұзылғандарға олармен өштігі жоқ, есі дұрыс, он екі мүшесі сау ұш адам (ең кемінде) көріп, куәлік етуі шарт. Ал неке бұзды деп, алдәбіреуді қорлаушылар болса (жалла жалса), оларға да қырқыс дүре соғылады. Ерінің көзіне шөп салған әйел талақ етіледі. Ер-әйел арасында жай марыра болса, мүмкіндігінше татуласуға шақыру керек. Ер болсын, әйел болсын бей-берекет неке бұзуға өуестенбеу керек» деген құқықтық заң ережелерін қалдырған. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің бірінде «Ерлі-зайыптыларды татуластыру мақсатында айтылған өтірік, соғыс кезінде айтылған өтірік кешірімді болып саналады» делінген. Мұнан шыратын қорытынды: ең бастысы — адамның ниетінің түзу болуы, оның адамгершілігі.

«Әке-шешесі оңды адамнан жаман келін шықпайды». «Ата көрген оқ жоңар, шеше көрген тон пішер» дегендей, тұрмыс құрып, үй болу — бала тәрбиелеу, ертеңгі елдің іргетасын қалау. Елдің елдігі де іргетасының беріктігіне байланысты. Қазақ отбасы өміріндегі некелік одақтың баянды болуы, түптөп келгенде, ел іргетасының мықты болуы емес пе? Ер отбасы — шағын мемлекет. Оның тірегі мен тұтқасы еркек болса, жүрегі мен ұйытқысы әйел. Отау мен Отанды әйелсіз елестету мүмкін емес. Әйел бүкіл адам жаратылысына негізгі тұтқа дейтініміз сондықтан. «Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын көрге сүйрейді, жақсы әйел жаман еркектің көрдегі басын төрге сүйрейді» деген ата-бабамыз. Еркек беделінің төмендеп, не жоғарылап көтерілуі әйелінің оны қаншалықты рухтандыра алуына байланысты. Отбасына ие бола алмаған азаматқа ертеде ел ағалары ел билігін сеніп тапсырмаған.

«Қазақстан бойынша 842 мың жесір бар. Олар өздеріндей жалғыз басты еркектерден 7-8 есе көп. Айырғылысып кеткен әйелдер еркектерге қарағанда екі есе басым және олардың жалғыз саны 364 мыңға жеткен. Нағыз бала таба-тын кезеңде ешқашан некеге тұрмаған 25 пен 45 жас аралығындағы 185 мың әйел және бар. Соның 88 мыңы қазақ әйелдері. Отырып қалған қазақтың «көрі қыздарының» саны 120 мыңға жетіп жығылады. 30 бен 50-дің арасындағы 60 мың ұлтты қазақ «сұр бойдағымыз» бар, солардың 40 мыңы Қазақстанның өзінде» дейді демограф М. Төгімов. Ата Заңның 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың, табиғи құқығы ері парызы» деп айқын көрсетілгенімен, екіншіше орай, бүгінгі таңда мыңдаған шаңырақ жұмыссыздық пен бастауашылықтың салдарынан туынданан жанжал, ұрыс-керістен күйзеліске ұшырап, соны ажырасумен тынып жүр. Бұл өзекті мәселе үнемі қазақ басшыларының назарында. Отбасындағы ұрыс-керіс, жанжал, дау-дамайлар алуан түрлі болып келеді. Соның ішінде ене мен келін, жұбайы мен зайыбы арасындағы араздықтар соңғы уақыттарда жиірек байқалауда.

Жуырда бір газеттегі мына бір дерекке көзім түсті: «Елуінші жылдар

Қазақ тар - 1900-11 - 1923-26

дың басында тіркелген әрбір 100 некеге бір ажырасудан келген екен. Арада он жыл өткенде әрбір 30 некенің біреуі, 1970 жылы әрбір 6 некенің біреуі, 1980 жылы әрбір 4 некенің біреуі, 1990 жылы әрбір 3 некенің біреуі бұзылыпты...»

Ажырасу соңғы кезде тіпті жиілеп бара жатыр. «Адам баласының басына түсетін барлық бақытсыздықтың ішінде осы отбасы қайғысынан қатерлісі жоқ» деп Салтыков-Шедрин айтқан екен. Ендеше, шаңырақтың шаттығын ойлау қорамдағы әр жастың міндеті. «Дау мұраты — біту, қыз мұраты — кету» деген даналық ежелден келе жатыр. Өйткені, бала сүйіп, артына ұрпақ қалдыру қазақ үшін ұлы міндетке саналса керек. Құранда да жазылған ғой жарық дүниедегі әйелдің міндеті — өмірге ұрпақ әкелу деп. Қазір бізде ерікті неке. Кім-кімге қосылады, оны өздері шешеді. Сөйте тұра ажырасу аязар емес. Неге? Оның басты себебі экономикалық-әлеуметтік қиындықтар, тұрмыс-тіршіліктегі ауырталықтар, жұмыссыздықтар мен кедейлену екендігі бәрімізге белгілі жәй. Дөңгеленген дүние бәрібір еркек пен әйелді бір-бірінен алысқа жбермейді. Өйткені бірінсіз бірі тіршілік кеше алмасы тағы ақиқат. Басқа түскен ауырталықтың бәрі сын. Қазақ әйеліне сұмдық сынақтар көбейіп кеткен мына заманда, қабырғасы қайысқанмен, барын жоғалтпай аман өтсе екен...

Ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетіп, талай опық жеген «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының әрбір жас ұрпағының бойына имандылық пен инабаттылық берік орнықса, әр шаңырақтан қуаныш пен шаттық арылмайтыны анық

Қаза

ДЕКАБРИСТЕР ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨЛКЕСİNДЕ

ҚАРАСАЕВ Ғашы,

тарих ғылымының кандидаты, доцент

Биыл XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Ресей мемлекеті шеңберінен асып, азаттық жолындағы теңдесі жоқ оқиға болған декабристер қозғалысына 175 жыл толады. Сол кездегі Ресейдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайға, патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы көтерілген декабристер алдарына ізгілікті мақсат қойғандығы белгілі.

Олардың басты мақсаты — Ресейді демократиялық жолға түсіру, империя саясатын жақсартып, ізгілендіру еді. Алайда олардың мұны іске асырудағы қарулы әрекеттері жеңіліспен аяқталды.

Декабристер қозғалысы, негізінен, екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1825 жылғы 14-желтоқсанда Петербургтің Сенат алаңындағы қарулы көтеріліспен аяқталса, екіншісі осы оқиғадан кейінгі ұзақ уақытты қамтиды. Соңғысында көтерілісшілер мемлекеттік қылмыскер есебінде Ресейдің Сібір, Шығыс аймақтарына айдалып, ол жерлерде жергілікті тұрғындар арасында азаттық ілімін насихаттайды. Өрқайсысы білім деңгейіне сай халыққа білім беру, дәргерлік қызмет көрсету, жергілікті жердің табиғи байлығын, халықтың салт-дәстүрін, тұрмысын зерттеумен айналысады. Осының нәтижесінде арттарына көптеген ғылыми еңбектер, зерттеулер қалдырады. Енді біреулері жергілікті басқару орындарында қызметтер атқарады, қарапайым халық тұрмысын жақсарту бағытында өз ойларын тұжырымдайды. Әскери қызмет атқарып, армиядағы теңсіздіктерді жария етуге тырысады.

6 — Жұмысшы-шаруа үйелетін заңдары мен өкілдер жиналы. 1919, № 36,354-6.